



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ
20 09 ж. « 27 » 04 ЖҮРГІЗІЛДІ
№ 346-1900-АО(НУ)
Бастапқы тіркелген күні
1992 ж. « 20 » 01



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ
20 09 ж. « 27 » 04 ЖҮРГІЗІЛДІ
БСН 920140000508
Бастапқы тіркелген күні
1992 ж. « 20 » 01



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР
20 15 ж. « 05 » 01
БҰРЫН 1992 ж. « 20 » 01 ТІРКЕЛДІ
БСН 920140000508



КОПИЯ

«AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» АҚ
акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысымен
бекітілді
(2014 ЖЫЛҒЫ 16 ШЕЛТӨКСІН № 44 хаттама)

«AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ

Алматы қ., 2014 жыл

СМОТРИТЕ
НА ОБОРОТЕ

«AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» акционерлік қоғамының осы Жарғысы бұдан әрі "Банк" деп аталады; оның атауын, орналасқан жерін, оның органдарын қалыптастыру тәртібін және құзыретін, оны қайта ұйымдастыру мен қызметін тоқтату жағдайларын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелерін айқындайды.

I бап. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Банктің толық және қысқартылған атауы:
 - а) мемлекеттік тілде –
**«AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» акционерлік қоғамы,
«AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» АҚ;**
 - б) орыс тілінде –
**Акционерное общество «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)»,
АО «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)»;**
 - в) ағылшын тілінде –
**Joint Stock Company «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)»,
JSC «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)».**
2. Банк – осы Жарғыға, Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес банк қызметін жүзеге асыруға құқылы коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға. Банктің ресми мәртебесі заңды тұлғаны әділет органдарында (тіркеу органдарында) (бұдан әрі - әділет органдары) Банк ретінде мемлекеттік тіркелуімен, қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) банк операцияларын жүргізуге лицензиясының болуымен айқындалады.
3. Банктің атқарушы органының (Басқармасының) орналасқан жері: **Қазақстан Республикасы, 050060, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Гоголь көш., 95/70.**
4. Банктің меншік нысаны – жеке меншік.
5. Банктің ірі кәсіпкерлік субъектісі мәртебесі бар.
6. Банктің дербес балансы, корреспонденттік шоттары бар, ол өз атынан мүлктік және мүлктік емес жеке құқықтарды ала алып, жүзеге асыра алады, міндет атқара алады, сотта талапкер және жауап беруші бола алады.
Банктің өзінің атауы көрсетілген мөрі, бланкілері және өзінің қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өзге де деректемелері бар.
7. Банк банктік қызметті жүзеге асыру барысында Қазақстан Республикасының Конституциясын және қолданыстағы заңнамасының нормаларын, осы Жарғыны және Банктің ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады. Банк Корпоративтік басқару кодексін бекітіп, сақтайды.
8. Банк Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіпте өзі орналасқан жерден тыс жерлерде заңды тұлға болып табылмайтын және өздері туралы Ереженің негізінде Банк атынан және оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін өзінің филиалдары мен өкілдіктерін құруға құқылы.
Банк филиалдары директорларының кандидатураларын Директорлар кеңесі бекіткен кезде, Филиал директоры Банктің Басқарма Төрағасы берген сенімхаттың негізінде әрекет етеді.
9. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға, еншілес ұйым құруға немесе иелік етуге құқылы.

II бап. БАНКТІҢ БАНКТІК ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЗМЕТІ

10. Банк қызметінің мақсаты табыс алу болып табылады.
11. Банк, уәкілетті органның лицензиясы болған кезде, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген банктік және өзге де операцияларды жүзеге асырады. Банк, уәкілетті органның лицензиясы болған кезде, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыруға құқылы.
12. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған кез келген өзге қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы.
13. Егер қандай да бір қызмет түрін жүзеге асыру үшін уәкілетті органдардың (лицензиардың) арнайы рұқсаты (лицензиясы, сертификаты) қажет болған жағдайда, Банк аталмыш қызмет түрін тек белгіленген тәртіпте тиісті рұқсат (лицензия, сертификат) алғаннан кейін және оған сәйкес жүзеге асырады.
14. Банкке кәсіпкерлік қызмет ретінде банк қызметіне жатпайтын не болмаса осы Жарғының 11-тармағында көзделмеген операциялар мен мәмілелерді жүзеге асыруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарындағы қатысу үлестерін немесе акцияларын алуға, коммерциялық емес ұйымдарды құруға

және олардың қызметіне қатысуға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда бағалы қағаздармен мәмілелерді жүзеге асыруға тыйым салынады.

15. Банктің қызмет мерзімі шектелмейді.

ІІІ бап. БАНКТИҢ МҮЛКІ МЕН КАПИТАЛЫ

16. Банктің меншік құқығымен оқшауланған мүлкі бар және ол өз міндеттемелері бойынша өзінің мүлкі шегінде жауапты.

17. Банк өз акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Акционерлер Банктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Банктің қызметімен байланысты залалдар тәуекелін өздеріне тиесілі акциялардың құны шегінде көтереді..

18. Банк немесе мемлекет өз мойындарына мұндай жауапкершілікті алатын жағдайлардан басқа, мемлекет Банк міндеттемелері бойынша жауап бермеген сияқты, Банк те мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

19. Банктің мүлкін қалыптастыру көздері мыналар:

- 1) акцияларды сатудан келіп түскен қаражат;
- 2) оның қызметінен алынған табыстар;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған өзге көздер.

20. Банктің жарғылық капиталы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес олардың айқындалатын атаулы құны бойынша және инвесторлардың орналастыру құны бойынша акционерлердің (акционердің) акцияларды төлеуі арқылы қалыптастырылады және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында болады.

21. Банктің акциялары орналастырылған кезде, төмендегі жағдайларды қоспағанда, олар Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы ақшамен ғана төленуге тиіс:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда Банк қайта құрылымдау жүргізген кезде, Банк акцияларын Банктің кредиторларының арасында орналастыру және оларды Банктің ақшалай міндеттемесінің кез келген құқығын тиісті кредиторлар алдында есептеу арқылы төлеу;
- 2) Банк акцияларында айырбасталатын эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылым проспектісінің негізінде Банк акцияларын бағалы қағаздарға айырбастау;
- 3) қайта ұйымдастырылған кезде, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіпте жүзеге асырылатын Банк акцияларын төлеу.

Осы тармақта көзделген жағдайларда Банк акцияларын орналастырған кезде, бағалау жүргізу қажет етілмейді.

22. Банктің жарғылық капиталын ұлғайту Банктің жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

23. Банктің реттеушілік меншік капиталы – Банктің инвестициялары шегерілген капитал сомасы. Банктің реттеушілік меншік капиталы мен инвестицияларын есептеп шығару әдістемесін уәкілетті орган айқындайды.

24. Салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің келіп түсуін қамтамасыз ету саласында басшылық етуді жүзеге асыратын уәкілетті орган белгілейтін тәртіп пен жағдайларда Банк серпінді резерв қалыптастырады. Банк серпінді резервті жай акциялар бойынша дивидендтер төленгенге дейін құрады және Банк банктік қызметті жүзеге асыруға байланысты залалдарды жабу үшін қалыптастырады. Банк міндеттемелерін қамтамасыз ету, сондай-ақ оның қызметін салық, өзге де міндетті төлемдер мен алымдар төленгеннен кейін қалатын кірістің есебінен дамыту үшін, Банк пайдалану тәртібін Банктің Директорлар кеңесі ақындайтын тиісті мақсатты қорларды акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен құра алады. Активтерді және шартты міндеттемелерді жіктеу және оларға қарсы провизиялар құру тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

25. Жүргізіліп жатқан операциялардың сипаты мен ауқымына сәйкес өз қызметін бақылауды және оның сенімділігін тиісті дәрежеде қамтамасыз ету мақсатында, Банк күдікті және сенімсіз талаптарды бөле отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті орган белгілейтін тәртіп пен шарттар бойынша оларға қарсы провизия (резервтер) жасай отырып, берілген кредиттер мен басқа да активтерді жіктеуді жүзеге асырады.

ІV бап. БАНКТИҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ. ТАЗА ТАБЫСТЫ БӨЛУ.

БАНК АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.

26. Банк жай акцияларды шығаруға құқылы. Жай акциялар құжатсыз түрде шығарылады. Жай акция бөлінбейді. Банктің жай акцияларын ұстаушылардың тізілімдері жүйесін жүргізуді Банктің және оның үлестес тұлғаларының үлестес тұлғасы болып табылмайтын Банктің тіркеушісі жүзеге асырады.
27. Жай акция акционерге дауыс беруге шығарылатын барлық мәселелерді шешкен кезде дауыс беру құқығымен акционерлердің Жалпы жиналысына қатысу құқығын, Банкте таза табыс болғанда акционерлердің Жалпы жиналысының тиісті шешімінің негізінде дивиденд алу құқығын, сондай-ақ Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте таратылған кезде оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.
28. Жай акцияларды шығару, орналастыру, айналдыру, сондай-ақ жай акциялар бойынша дивиденд төлеу шарттары мен тәртібі акциялар шығарылымы проспектісінде белгіленеді.
29. Қосымша қаражат тарту үшін Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облигациялар шығаруға құқылы.
30. Облигацияларды шығару, орналастыру, айналдыру, сондай-ақ жай акциялар бойынша сыйақы төлеу, облигацияларды өтеу және оларды сатудан келіп түскен қаражатты пайдалану шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасы және облигациялар шығарылымы проспектісі бойынша айқындалады.
31. Егер Банктің жарияланған жай акцияларды немесе Банктің жай акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағаздарды орналастыруға, сондай-ақ бұрын сатып алынған аталған бағалы қағаздарды сатқысы келсе, ол бұл туралы шешім қабылданған күннен бастап он күн ішінде жазбаша хабардар ету немесе бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы өзінің акционерлеріне бағалы қағаздарды орналастыру (сату) туралы шешім қабылдаған Банктің органы белгілеген орналастыру (сату) бағасы бойынша олардың қолдарында бар акциялардың санына бара-бар бірдей шарттармен бағалы қағаздарды сатып алуды ұсынуға міндетті. Акционер Банктің акцияларды орналастыру (сату) туралы хабарландыру берген күнінен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде артықшылықпен сатып алу құқығына сәйкес акцияларды не болмаса Банктің акцияларына айырбасталатын өзге бағалы қағаздарды сатып алуға өтінім беруге құқылы.
32. Бұл ретте, Банктің жай акцияларына ие акционердің жай акцияларды немесе Банктің жай акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағаздарды артықшылықпен сатып алуға құқығы бар.
33. Акционер акцияларды немесе артықшылықпен сатып алу құқығымен сатып алынатын Банктің жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды төлеуді оларды сатып алуға өтінім берілген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырады.
34. Акциялар орналастырылған кезде, Банктің орналастырылатын акцияларды сатып алуына және шарттары (шығарылым шарттары) эмитенттің орналастырылған акцияларын сатып алуға эмитенттің құқығын немесе міндетін көздейтін шарттар жасасуға (туында бағалы қағаздарды сатып алу) тыйым салынады.
35. Банктің таза табысы (салықтар және бюджетке төленетін міндетті басқа да төлемдер төленгеннен кейін) Банктің иелігінде қалады және акционерлердің жалпы жиналысының шешімінде айқындалған тәртіппен бөлінеді, соның ішінде дивиденд төлеуге жіберіледі. Банк акционерлерінің жалпы жиналысы Банктің есептік қаржы жылындағы, жарты жылдықтағы, тоқсандағы таза табысын бөлу тәртібін бекітеді, сондай-ақ жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдайды және Банктің бір жай акциясына шаққанда жыл қорытындысы бойынша дивидендтер мөлшерін бекітеді.
36. Қалған бөлігі Банкті дамытуға немесе акционерлердің Жалпы жиналысының шешімінде көзделген өзге мақсаттарға бағытталады.
37. Акционерлердің Жалпы жиналысы жылдың қорытындысы бойынша жай акциялар бойынша дивиденд төлеудің мақсатқа сай келмейтіні туралы шешім қабылдауға құқылы.
39. Банктің акциялары бойынша дивиденд акционерлердің Жалпы жиналысында дивиденд туралы шешім Банктің дауыс беру акцияларының сараланған көпшілігімен қабылданған кезде, ақшалай немесе Банктің бағалы қағаздары түрінде төленеді.
40. Банктің акциялары бойынша дивидендтерді оның бағалы қағаздарымен төлеу Банктің жарияланған акцияларымен және ол шығарған облигациялармен жүзеге асырылған және акционердің жазбаша келісімі бар болғанда кезде, мұндай төлемге рұқсат етіледі.
41. Дивидендтер алуға құқығы бар акционерлердің тізімі дивидендтер төленетін күннің алдындағы күні жасалуы тиіс.
42. Банктің акциялары бойынша дивидендтер төлеу тоқсанның, жарты жылдықтың немесе жылдың қорытындысы бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.
43. Банктің жай акциялары бойынша дивидендтерді тоқсанның немесе жарты жылдықтың қорытындысы бойынша төлеу тек Банктің қаржы есептілігіне аудит жүргізілгеннен кейін және Банк акционерлерінің Жалпы жиналысының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

44. Банктің жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім жылдың қорытындысы бойынша акционерлердің жылдық Жалпы жиналысында қабылдайды.

45. Акционерлердің Жалпы жиналысы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялап, Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

46. Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде ол шешім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс.

Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімде мына төмендегі мәліметтер болуы тиіс:

- 1) Банктің атауы, орналасқан жері, банктік және өзге де деректемелері;
- 2) дивидендтер төленетін кезең;
- 3) бір жай акцияға келетін дивиденд мөлшері;
- 4) дивидендтер төлеу басталатын күн;
- 5) дивидендтер төлеудің тәртібі және нысаны.

47. Банктің өзі орналастырмаған немесе сатып алмаған акциялар бойынша, сондай-ақ егер сот немесе Банк акционерлерінің Жалпы жиналысы оны тарату туралы шешім қабылдаған болса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер есептеуге мына жағдайларда жол берілмейді:

- 1) Банктің меншік капиталының мөлшері теріс болған кезде немесе егер Банктің акциялары бойынша дивиденд есептеудің нәтижесінде оның меншік капиталының мөлшері теріс болған кезде;
- 2) егер Банк Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап беретін болса не болмаса көрсетілген белгілер Банкте оның акциялары бойынша дивиденд есептеудің нәтижесінде пайда болса.

48. Акционер Банк берешегінің туындаған мерзіміне қарамастан, алмаған дивидендтердің төленуін талап етуге құқылы. Дивидендтер төлеу үшін белгіленген мерзімде олар төленбеген жағдайда, акционерге дивидендтердің негізгі сомасы және ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бір бөлігін атқару күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесіне орай есептелетін өсімпұл төленеді.

49. Банктің акцияларымен мәмілелер жасау, Банктің бастамасы бойынша және акционердің талабы бойынша орналастырылған акциялардың сатып алу, сондай-ақ Банктің акцияларымен басқа операциялар және әрекеттер жасау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

50. Банк акционерінің мынадай құқықтары бар:

1) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Банктің жарғысында көзделген тәртіппен Банкті басқаруға қатысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) акционерлердің Жалпы жиналысында немесе Банктің Жарғысында белгіленген тәртіппен Банктің қызметі туралы кез келген ақпарат алу, соның ішінде Банктің қаржылық ақпаратымен танысуға;

4) Банктің тіркеушісінен немесе атаулы ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

5) Банк акционерлерінің Жалпы жиналысына Банктің директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатураларды ұсынуға;

6) Банк органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау келтіруге;

7) Банктің дауыс беретін акциясының бес және одан да көп пайызына өзі немесе басқа да акционерлермен жиынтықта ие болған кезде, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63 және 74 баптарында көзделген жағдайларда өзінің атынан сот органдарына Банктің лауазымды тұлғаларының Банкке келтірілген залалардың орнын Банкке толтыруы және Банктің лауазымды тұлғалары және (немесе) үлестес тұлғалары ірі мәмілелер мен (немесе) жасасқан кезде мүдделік бар мәмілелерді жасасу (жасасуға ұсыныс білдіру) туралы шешімдердің қабылдануы нәтижесінде алған табысты (кірісті) оларды Банкке қайтаруы туралы талаппен жүгінуге.

8) Банкке оның қызметі туралы жазбаша сұрау салу және Банкке сұрау салу келіп түскен күннен бастап отыз күннің ішінде дәлелді жауап алуға;

9) Банк таратылатын кезде оның мүлкінің бір бөлігіне құқық;

10) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерде көзделген жағдайларды қоспағанда, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен акцияларды немесе өз акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға құқығы бар.

51. Ірі акционердің сондай-ақ мынадай құқығы бар:

- 1) акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Директорлар кеңесі акционерлердің Жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда, оны шақыру туралы сотқа арыз беруге;
 - 2) Директорлар кеңесіне «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізуді ұсынуға;
 - 3) Банктің Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
 - 4) өз есебінен аудиторлық ұйымның Банкке аудит жүргізуін талап етуге.
52. Осы Жарғының 50 және 51 тармақтарында белгіленген акционерлердің құқықтарына қойылатын шектемелерге жол бермеуге.
53. Банк акционері:
- 1) акцияларды төлеуге;
 - 2) 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Банк тіркеушісіне және осы акционерге тиесілі акциялардың атаулы ұстаушысына Банк акцияларын ұстаушылардың тізілімі жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгеруі туралы хабарлауға;
 - 3) қызметтік, коммерциялық немесе заңда қорғалатын өзге құпия болып табылатын Банк немесе оның қызметі туралы ақпаратты жария етпеуге;
 - 4) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде белгіленген өзге міндеттерді орындауға міндетті.

V бап. БАНК ОРГАНДАРЫ. ТУЫНДАУ ТӘРТІБІ МЕН ҚҰЗЫРЕТІ

54. Банк органдары мыналар:
- 1) жоғары орган – акционерлердің Жалпы жиналысы (дауыс беруші акциялар бір акционерге тиесілі болған жағдайда - аталмыш акционер);
 - 2) басқарушы орган - Директорлар кеңесі;
 - 3) атқарушы орган – Басқарма.
 - 4) Ішкі аудит қызметі.
55. Ішкі бақылаудың барабар жүйесінің барын және жұмыс жасауын қамтамасыз ету үшін Ішкі аудит қызметі құрылды.
56. Акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мына төмендегі мәселелер жатады:
- 1) осы Жарғыға өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оның жаңа редакцияда бекіту;
 - 2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ ол қабылданған жағдайда оған өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;
 - 3) Банкті ерікті қайта ұйымдастыру немесе тарату;
 - 4) Банктің жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Банктің орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
 - 5) Банктің бағалы қағаздарын айырбастау жағдайларын және тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;
 - 6) Банктің жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздардың шығарылымы туралы шешім қабылдау;
 - 7) Орналастырылған бір түрдегі акцияны басқа түрдегі акцияларға айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастау шарттары мен тәртібін айқындау;
 - 8) Санақ комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 9) Банктің Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен жағдайларын айқындау;
 - 10) Банк аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау;
 - 11) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
 - 12) Банк акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
 - 13) Банктің есептік қаржы жылындағы, жарты жылдықтағы, тоқсандағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Банктің бір жай акциясына шаққанда дивиденд мөлшерін бекіту.
 - 14) жеке капиталының мөлшері теріс болған жағдайда және егер Банктің жеке капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивиденд есептеудің нәтижесінде теріс болып шықса, сондай-ақ егер Банк Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сай келсе немесе егер аталған белгілер оның акциялары бойынша дивиденд есептеудің нәтижесінде пайда болса, Банктің жай және артықшылықты акциялары бойынша дивиденд төлеуі туралы шешім қабылдау;

15) Банкке тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін табыстау арқылы Банктің өзге заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

16) Банктің акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру туралы акционерлерді хабарландыру нысанын айқындау және сондай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау туралы шешім қабылдау;

17) Банк акцияларды «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңға сәйкес сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналысы бекітпесе, әдістемені бекіту);

18) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

19) акционерлерге Банктің қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау, соның ішінде егер осындай тәртіп Банктің Жарғысында белгіленбесе, бұқаралық ақпарат құралдарын айқындау;

20) шешімдер қабылдау «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Банк Жарғысында акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

57. Акционерлердің жалпы жиналысының 56 баптың 1)-4) тармақшаларында және 17) тармағында көрсетілген мәселелер бойынша шешімдері Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының білікті көпшілігімен қабылданады.

58. Егер «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Банк Жарғысында өзгесі белгіленбесе, акционерлердің жалпы жиналысының өзге мәселелер бойынша шешімдері Банктің дауыс беруге қатысушы дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады.

59. Акционерлердің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

60. Банк жыл сайын акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын өткізіп отыруға міндетті. Акционерлердің өзге жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

61. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысында:

1) Банктің жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі;

2) Банктің өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібі және Банктің бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері айқындалады;

3) акционерлердің Банктің және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне байланысты өтініштері және оларды қарау қорытындысы туралы мәселе қарастырылады.

62. Директорлар кеңесінің Төрағасы Банк акционерлеріне Банктің Директорлар кеңесі мен Басқармасына сыйақының мөлшері және құрамы туралы ақпарат береді.

63. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде өткізілуі тиіс.

64. Барлық дауыс беру акциялары бір акционерге тиесілі болған жағдайда, акционерлердің Жалпы жиналыстары өткізілмейді. Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) осы Жарғыда акционерлердің Жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді ондай акционер жеке дара қабылдайды және ол жазбаша түрде ресімделуі тиіс.

65. Егер бірден-бір акционер немесе Банктің барлық дауыс беру акцияларын иеленетін заңды тұлға болып табылса, онда «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және осы Жарғыда акционерлердің Жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Қазақстан Республикасының заңнамасына және заңды тұлғаның жарғысына сәйкес сондай шешімдер қабылдауға құқығы бар заңды тұлғаның органы, лауазымды тұлғалары немесе қазметкерлері қабылдайды.

66. Егер «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде өзгесі көзделмесе, шешім қабылдау акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді басқа органдардың, лауазымды адамдардың және Банк қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

67. Акционерлердің Жалпы жиналысы Банктің өзге органдарының Банктің ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

68. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Банктің Жарғысында акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Директорлар кеңесі Банктің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

69. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне төмендегі мәселелер жатады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда, Банктің қызметінің басым бағыттарын Банктің даму стратегияларын айқындау немесе Банктің даму жоспарын бекіту;

2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналыстарын шақыру туралы шешім қабылдау;

- 3) жарияланатын акциялар саны шегінде акциялар орналастыру (сату) туралы, соның ішінде орналастырылатын (сатылатын) акциялар саны, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Банктің орналастырылған акциялардың немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 5) Банктің жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- 6) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;
- 7) Корпоративтік хатшы тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Корпоративтік хатшының лауазымдық еңбекақы мөлшерін және сыйақы төлемі шарттарын айқындау;
- 8) Банктің облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару жағдайларын айқындау;
- 9) Банк Басқармасының сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 10) Банк Басқармасының басшысы мен мүшелерінің лауазымдық еңбекақы мөлшерлері мен сыйлықақы беру жағдайларын айқындау;
- 11) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
- 12) аудиторлық ұйымның, сондай-ақ бағалаушының ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
- 13) Банктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Басқарма Банктің қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), соның ішінде Банктің қызметіне байланысты тәуекелдерді шектейтін саясаттар мен рәсімдерді және тәуекелдер мониторингін, сондай-ақ Банктің бағалы қағаздарына аукциондар және жазылу жүргізу жағдайларын белгілейтін ішкі нормативтік құжатты бекіту;
Банктің ұйымдық құрылымы;
 - Банк стратегиясы, соның ішінде Банк тәуекелінің жол берілетін деңгейі;
 - Банк саясаттары (өтімділік тәуекелін кадрлық, есептік, тарифтік, кредиттік, басқару саясаты, нарықтық тәуекелді басқару саясаты, капиталды басқару саясаты, пайдалылықты басқару саясаты, операциялық тәуекелді басқару саясаты, банк қызметінің үздіксіздігін басқару саясаты, ақпараттық технологиялар тәуекелін басқару саясаты, ақпараттық қауіпсіздік тәуекелін басқару саясаты, комплаенс-тәуекелді басқару саясаты, ішкі бақылау саясаты, ішкі аудит саясаты, сыртқы аудитті тарту саясаты (рәсім));
 - стресс-тестілеу сценарийлері;
 - күтпеген оқиғалар жағдайында қаржыландыру жоспары;
 - қызметтің үздіксіздікті қамтамасыз ету жоспары (жоспарлары);
 - клиенттердің банктік қызметтерді көрсету барысында туындайтын өтініштерін қарау тәртібі;
 - банктік қызметтерге көрсету барысында туындайтын клиенттердің өтініштерін қарау тәртібі;
 - Банк қызметкерлері Банк қызметіне қатысты бұзушылықтар туралы құпия хабарлай алатын рәсімдерді айқындайтын ішкі құжат;
 - ішкі аудитор этикасының кодексі, ішкі аудиттің жылдық жоспары;
- 14) Банктің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 15) Банктің басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу туралы шешімдерін қабылдау;
- 16) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп пайызы Банкке тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 17) Банктің міндеттемелерін оның меншік капиталы мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;
- 18) Банктің бес немесе одан да көп пайызына ие орналастырылған акциясына (артықшылықты және Банк сатып алған акцияларды шегергенде) ие Банктің ірі қатысушысы – жеке тұлға немесе банктік холдинг ұсынған бизнес-жоспарды банктік холдингтің немесе Банктің ірі қатысушысының тиісті мәртебесін алу аясанды қарау.
- 19) Банк немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге бір құпияны құрайтын ақпаратты айқындау;
- 20) ірі мәмілелерді және Банк мүдделі мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау;
- 21) Банк филиалдары директорларының кандидатураларын бекіту.

22) Банктің меншікті капиталының бес пайызынан асатын қарызды берудегі мақсатқа сай екендігіне талдама мен бағалауды жүзеге асырады;

23) Банк бюджетін тиісті жылға бекітіп, оның орындалуын бақылау;

24) Банктің еншілес ұйымдарында ішкі аудит тәртібін, стандарттарын және қағидаттарын енгізуді қамтамасыз ету;

25) басқарушылық ақпарат жүйесінің барын және жұмыс жасауын қамтамасыз ету;

26) Банктің басшы қызметкерлерінің және Банк қызметкерлерінің назарына Банктің стратегиясын, саясаттарын және өзге де ішкі құжаттарын жеткізуді қамтамасыз ету;

27) реттегіш есептіліктің толық, дұрыс және оның уақтылы қалыптастырылуы мен ұсынылуын мониторингілеу мен бақылауды жүзеге асыру;

28) Банк Басқармасының қызметін мониторингілеуді, бақылау мен бағалауды жүзеге асыру;

29) Банк саясаттарының және өзге де ішкі құжаттарының ағымдағы нарықтық және экономикалық жағдайға, тәуекелдер профиліне және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету.

30) Банктің Директорлар кеңесіне тікелей есеп беретін Банктің басшы қызметкерлеріне және Банк қызметкерлеріне сыйақы төлеу тәртібін айқындайтын ішкі құжатты бекіту.

31) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Банк Жарғысында және (немесе) Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген, акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

70. Тізбесі осы Жарғының 69-тармағында белгіленген мәселелер Банктің Басқармасына шешімге табысталмауы тиіс.

71. Директорлар кеңесі осы Жарғыға сәйкес Банк Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқылы емес.

72. Директорлар кеңесі әлеуетті шиеленістер мен мүдделерді лауазымды тұлғалардың және акционерлердің дәрежесінде, соның ішінде Банк меншігінің заңсыз пайдаланылғандығын және жасасқан кезде мүдделік бар мәмілелерді жасасқан кезде теріс пайдаланылғандығын, сондай-ақ Банктегі корпоративтік басқару практикасы тиімділігінің жүзеге асырылуын қадағалап, мүмкіндігінше жоюы

73. Анағұрлым маңызды мәселелерді қарап, Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін, Банкте Директорлар кеңесінің келесі мәселелер жөніндегі комитеттері құрылады.

1) стратегиялық жоспарлау;

2) кадрлар мен сыйақылар;

3) ішкі аудит;

4) әлеуметтік мәселелер;

5) Банктің ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелер.

Осы тармақта атап өтілген мәселелерді қарау Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитетінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

Кредиттік саясат саласындағы тапсырмаларды іске асыру үшін Банкте Директорлар кеңесіне есеп беретін Кредиттік комитет құрылды. Кредиттік комитеттің өкілеттіктері мен функциялары Кредиттік комитеттің қызметін реттейтін Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген.

Пайыздық және Депозиттік саясаттарды іске асыру үшін, Банкте уәкілетті алқалық орган – Активтер мен міндеттемелерді басқару комитеті (бұдан әрі – АМБК) жұмыс жасайды. АМБК өз қызметінде Директорлар кеңесіне есеп береді. АМБК жұмыс тәртібі, тапсырмалары мен өкілеттіктері АМБК қызметін реттейтін Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген.

74. Банктің ішкі құжаттарында Директорлар кеңесінің мүшелері басқаратын және Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс жасау үшін кәсіби қажет білімі бар сарапшылардан (консультанттардан) тұратын Директорлар кеңесінің өзге де мәселелер жөніндегі комитеттерін құру көзделген болатын.

75. Банк Басқармасының Төрағасы Директорлар кеңесі Комитетінің Төрағасы бола алмайды.

76. Өз функцияларын орындауды табыс етуге құқығы жоқ жеке тұлға ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады және төмендегілердің қатарынан сайланады.

1) акционер – жеке тұлғалардың;

2) Директорлар кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыным берілмеген) тұлғалардың;

3) Банк акционері емес және Директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлануға ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) жеке тұлғалар.

77. Директорлар кеңесінде бір орынға бір кандидат сайлауға түскендегі жағдайда қоспағанда, Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауды дауыс беру бюллетеньдері пайдаланыла отырып түгелдей дауыс беру арқылы акционерлер жүзеге асырады

78. Анағұрлым көп дауыс жинаған кандидаттар Директорлар кеңесіне сайланғандар болып есептеледі.
79. Банк Басқармасының басшысынан басқа, оның мүшелері Банктің Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Банк Басқармасының Төрағасы Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.
80. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кем дегенде үш адам болуы тиіс. Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің қатарынан кем дегенде үштен бірі тәуелсіз директор болуы тиіс.
81. Банктің Директорлар кеңесі Төрағасының немесе мүшесінің лауазымына мына тұлғалар сайлана алмайды:
- 1) жоғарғы білімі жоқ;
 - 2) мінсіз іскерлік атағы жоқ;
 - 3) тізбесін уәкілетті орган белгілейтін, халықаралық қаржы ұйымдарында «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жұмыс өтілі және (немесе) қаржылық қызмет және (немесе) қаржы ұйымдарына аудит жүргізу бойынша қызмет көрсету және (немесе) оны реттеу саласында жұмыс өтілі жоқ;
 - 4) уәкілетті орган қаржылық ұйымның консервациясы, оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржылық ұйымның лицензиясын қайтып алу туралы, сондай-ақ қаржылық ұйымды мәжбүрлеп тарату немесе оны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте банкрот деп тану туралы шешім қабылдардың алдында бір жылдан аспайтын кезеңде бұрын қаржылық Директорлар кеңесінің бірінші басшысы, басқарманың бірінші басшысы және оның орынбасары, бас бухгалтері болып табылған тұлға сайлана алмайды. Көрсетілген талап уәкілетті орган қаржылық ұйымның консервациясы, оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржылық ұйымның лицензиясын қайтып алу туралы, сондай-ақ қаржылық ұйымды мәжбүрлеп тарату немесе оны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен банкрот деп мойындау туралы шешім қабылдағаннан кейін бес жыл бойы қолданылады;
 - 5) басшы қызметкер өзге қаржылық ұйымдағы басшы қызметкер лауазымында болған кезінде нақты тұлғаның лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісім қайтып алынған тұлға сайлана алмайды. Аталған талап уәкілетті орган басшы қызметкер лауазымына тағайындауға (сайлауға) келісімін қайтып алу туралы шешім қабылдағаннан кейін соңғы тізбектес он екі айдың бойында қолданылады.
82. Қазақстан Республикасының заңнамасында Банктің Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын өзге талаптар белгіленуі мүмкін.
83. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банк Жарғысында өзгесі көзделмесе, Директорлар кеңесінің құрамына сайланған адамдардың қайта сайлануына шек қойылмауы мүмкін.
84. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін акционерлердің Жалпы жиналысы белгілейді. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі жаңа Директорлар кеңесін сайлау жүретін акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу күніне қарай бітеді. Акционерлердің Жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.
85. Директорлар кеңесі мүшесінің бастамасы бойынша оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесіне жазбаша хабарлама беру негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған күннен бастап тоқтатылады.
86. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау акционерлердің Жалпы жиналысында берілген жиынтық дауыс беру арқылы жүзеге асырылады, бұл ретте Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі жалпы Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі біткенде, онымен қатарлас бітеді.
87. Директорлар кеңесінің Төрағасы оның мүшелерінің қатарынан Директорлар кеңесінің мүшелері дауыстарының жалпы санының көпшілік даусымен құпия дауыс беру арқылы сайланады.
88. Директорлар кеңесі кез келген уақытта Төрағасын қайта сайлауға құқылы.
89. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, сондай-ақ осы Жарғыда айқындалған өзге функцияларды жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің Төрағасы орнында болмаған жағдайда, оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.
90. Банк Басқармасы Банктің ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын Банктің алқалы атқарушы органы болып табылады. Банктің Басқармасы мүшесінің дауыс беру құқығын өзге адамға, оның ішінде Банктің Басқармасының басқа мүшесіне беруіне жол берілмейді.
91. Банк Басқармасы «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде және Банк Жарғысында Банктің басқа органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған кез келген мәселесі бойынша шешім қабылдауға құқылы.
92. Банк Басқармасы акционерлердің Жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

93. Егер мәміле жасасқан күні тараптар мұндай шектеулер туралы білгенін дәлелдесе, Банк белгілеген шектеулерді Банк Басқармасы бұза отырып, жасасқан мәміленің жарамдылығын даулауға құқылы.

94. Банк Басқармасы:

- 1) Банк атынан әрекет етеді, соның ішінде оның мүдделерін білдіреді;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген тәртіпте Банктің атынан мәмілелер жасайды;
- 3) осы Жарғыға сәйкес акционерлердің Жалпы жиналысының немесе Директорлар кеңесінің қарастыруы тиіс барлық мәселелерді алдын ала қарастырады және олар бойынша тиісті материалдарды, ұсыныстарды және шешімдердің жобаларын дайындайды;
- 4) Банктің құрылымдық бөлімшелерінің қызметіне басшылық ету мәселелерін шешеді;
- 5) Банк қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауын қамтамасыз етеді;
- 6) банктік және өзге де операцияларды жүзеге асыру кезінде туындайтын мәселелерді жедел шешеді;
- 7) Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында құжаттарды қарастырады және бекітеді;
- 8) штаттарды бекітеді, кадрлар іріктеу, орналастыру және дайындау мәселелерін шешеді;
- 9) Банктің барлық қызметкерлері үшін орындауға міндетті шешімдер (қаулылар) шығарып, нұсқаулар береді;
- 10) есепті, есептілікті, ішкі бақылауды ұйымдастыру мәселелерін шешеді;
- 11) Банктің Басқарма Төрағасының ұсынысы бойынша Банк Басқармасының қарастыруына енгізілген басқа мәселелерді қарастырады және шешеді.
- 12) Банк тәуекелінің жол берілетін деңгейін айқындау (есептеу) іс-шараларын жүзеге асырады. Банк тәуекелінің жол берілетін деңгейін айқындаған (есептеген) кезде, Банкке тиесілі барлық тәуекелді, соның ішінде баланстан тыс операциялардың тәуекелін ескереді. Банк тәуекелінің жол берілетін деңгейін айқындау (есептеу) қорытындысы бойынша, Банкке тиесілі барлық тәуекелдерден болған қаржы және қаржы емес залалдарды бағалау нәтижелерін қарау, соның ішінде келесілерді пайдалану арқылы Банк Басқармасы Банк тәуекелінің жол берілетін деңгейін Банк бизнесінің мөлшеріне, сипатына және күрделілігі деңгейіне сәйкестігін бағалауды жүзеге асырады:
 - сандық талдау нәтижелері;
 - сезімталдықты және стресс-тестілеуді талдау;
 - тарихи тәжірибені оқып-үйрену;
 - Банк қабылдауға дайын тәуекелдің жиынтықты деңгейінің жоғары шегін кейін айқындау үшін тәуекелдердің жекелеген түрлеріне жеке лимиттер белгілеу.
- 13) Төмендегілерді құрайтын есепті дайындайды:
 - тәуекелдердің жол берілетін деңгейлерін есептеу мен айқындау және оларды Банк тәуекелдерінің ағымдағы деңгейімен салыстыру нәтижелері;
 - тәуекелдердің мөлшеріне байланысты залалдар тартқан жағдайда, Банк қолдауы тиіс капитал деңгейі;
 - залалдар тартқан жағдайда, басшылық қалпына келтіру үшін қолдана алатын жоспарлы әрекеттер;
 - тәуекелдердің жол берілетін деңгейлерін бағалау нәтижелері Банк бизнесінің мөлшеріне, сипатына және күрделілігі деңгейіне сәйкестендіру үшін;
- 14) Банктің ұйымдық құрылымының жобасын әзірлейді, сондай-ақ:
 - a. Банк стратегиясының жобасын және Банк стратегиясының орындалуын қамтамасыз етеді;
 - b. Банк тәуекелдерінің жол берілетін деңгейін айқындау мен есептеу әдістемелері;
 - c. бюджетті қалыптастырып, оның орындалуын мониторингілеуді жүзеге асырады;
 - d. Банк саясаттарын және оларды Банк стратегиясына, ұйымдық құрылымына, тәуекелдерінің профиліне, қолжеткізілген нәтижелер мен Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігінің мониторингілеуді жүзеге асырады және Банктің оларды сақтауын қадағалайды;
 - e. клиенттердің банктік қызметтерді көрсету барысында туындайтын өтініштерін қарау тәртібін әзірлейді және Банк пен оның қызметкерлерінің аталмыш тәртіп талаптарын сақтауын мониторингілеуді жүзеге асырады;
 - f. Банк қызметкерлері Банк қызметіне қатысты бұзушылықтар туралы құпия хабарлай алатын рәсімдерді айқындайтын ішкі құжатты әзірлейді;
 - g. ішкі және сыртқы аудит нәтижелері бойынша айқындалған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жойылуын қамтамасыз етеді;
 - h. міндеттерді тиімді орындау мақсатында, Банктің Директорлар кеңесіне Банктің және ол бақылайтын ұйымдардың қызметі туралы толық, дұрыс және уақтылы ақпаратты үнемі беріліп отыруын қамтамасыз ететін басқарушылық ақпарат жүйесінің жұмыс жасауын айқындайтын тәртіпті әзірлейді;
 - i. Банк стратегиясын, саясаттарын және өзге де ішкі құжаттарын Банктің басшы қызметкерлеріне және Банк қызметкерлеріне бекітілген қызмет учаскелері бойынша олардың назарына жеткізілуін айқындайтын тәртіпті әзірлейді және Банк пен оның қызметкерлерінің аталмыш тәртіп талаптарын сақтайтындығына мониторингілеуді жүзеге асырады;

уәкілетті органға дұрыс және толық реттегіш есептіліктің уақтылы берілуін қамтамасыз етеді.

95. Акционерлер мен Банктің акционерлері болып табылмайтын оның қызметкерлері Банк Басқармасының мүшелері бола алады.

96. Банк Басқармасының мүшесі Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс жасауға құқылы.

97. Банк Басқармасы мүшесінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда, сондай-ақ көрсетілген тұлға Банкпен жасасатын еңбек шартында айқындалады. Банк атынан Банк Басқармасының Төрағасымен жасалған еңбек шартына Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе оған акционерлердің Жалпы жиналысы немесе Директорлар кеңесі уәкілеттік берген тұлға қол қояды. Басқарманың басқа мүшелерімен еңбек шартына Банк Басқармасының Төрағасы қол қояды.

98. Банк Басқармасының Төрағасы басқа бір заңды тұлғаның атқарушы органы басшысының, не болмаса атқарушы органның функцияларын жеке дара жүзеге асыратын тұлғасының лауазымында болуға құқылы емес.

99. Банк Басқармасының Төрағасы:

1) акционерлердің Жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда Банктің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) Банктің үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарында оны білдіру құқығына сенімхаттар береді;

4) Банктің қызметкерлерін қабылдауды, орынын ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады («Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда), оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар салады, Банктің штаттық кестесіне сәйкес Банктің қызметкерлерінің лауазымдық еңбекақыларының және еңбекақыларына дербес үстемақылардың мөлшерлерін белгілейді, Банк Басқармасы мен Банктің Ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді, сондай-ақ Директорлар кеңесі тағайындайтын өзге тұлғаларды қоспағанда, Банктің қызметкерлеріне сыйақылардың мөлшерлерін айқындайды;

5) өзі орнында болмаған жағдайда, өзінің міндеттерін атқаруды Банк Басқармасы мүшелерінің біріне жүктейді;

6) Банк Басқармасы мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттік және жауапкершілікті бөледі;

7) осы Жарғыда, акционерлердің Жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерінде айқындалған өзге функцияларды жүзеге асырады.

100. Банктің қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін, сандық құрамын Банктің Директорлар кеңесі айқындайтын Ішкі аудит қызметі ұйымдастырылған. Ішкі аудит қызметі - Банкте ішкі аудитті ұйымдастыруды және жүзеге асыруды қамтамасыз ететін Банктің қызметін жетілдіру мақсатында объективті бағалау мен консультациялық қызметті жүзеге асыратын Банк бөлімшесі. Банктегі ішкі аудит тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау процестерінің тиімділігі жөніндегі ұсынымдарды беру жолымен белгілі бір мақсаттарға қол жеткізуіне ықпал етеді.

Ішкі бақылау жүйесі жай-күйінің әділ бағасын және оларды жетілдіру ұсынымдарын беру арқылы ішкі бақылаудың бірдей жүйесінің болуы мен қызмет етуін қамтамасыз ету функцияларын Директорлар Кеңесі жүзеге асырған кезде туындайтын тапсырмаларды шешу мақсатында ішкі аудит қызметі құрылады.

Ішкі аудит қызметі банктің кез келген бөлімшесін тексеруді тағайындайды. Ішкі аудит бөлімі өз қызметін жүзеге асыру барысында хабарламаларды, қортындыларды, есептемені, нұсқаулықтар мен басқа да құжаттарды дайындайды. Көрсетілген құжаттар Банктің Ішкі аудит бөлімінің құрамына кіретін қызметкерлерімен алдын - ала дауыс беруге қатысатындардың жалпы санының білікті көпшілігінің шешімімен бекітіліп, және Банктің Директорлар кеңесі мен Банк Басқармасына ұсынылады.

Ішкі аудит қызметі ішкі аудиттің жоспары мен банктің директорлар кеңесі бекіткен ішкі аудит бағдарламасын құрады.

Ішкі аудит қызметінің отырыстары алты айда кемінде бір рет өткізіледі. Ішкі аудит қызметі алда отырыс өткізілетіні туралы кемінде он күн бұрын кешіктірмей Банктің Директорлар кеңесіне және Басқармасына жазбаша түрде хабарлайды.

Ішкі аудит қызметінің тапсырмаларына келесі мәселелерді қарау мен талқылау кіреді:

• ішкі бақылау жүйесінің қызмет етуін;

• Директорлар кеңесіне ішкі аудит қызметінің қызметі туралы есептілікті дайындау;

• ағымдағы жылда ішкі және сыртқы аудитке қамтылуы қажет Банк операцияларындағы тәуекел саласын;

• ішкі немесе сыртқы аудиторлар анықтаған бухгалтерлік есептегі немесе ішкі аудиттегі кез келген елеулі кемшіліктерді.

Ішкі аудиттің негізгі функциялары:

- ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін тексеру мен бағалау;
- банк тәуекелдерін бағалау әдістемесінің және Банк тәуекелдерін басқару рәсімдерінің (әдістемелерінің, бағдарламаларының, ережелерінің және банк операцияларын жасау мен мәмілелер, тәуекелдерді басқару рәсімдерінің) қолдану толықтығын және тиімділігін тексеру;
- бухгалтерлік есеп пен есеп берудің анықтығын, толықтығын, объективтілігі мен уақтылылығын, сонымен қатар ақпарат пен есеп алудың және берудің сенімділігін әрі уақтылылығын тексеру;
- Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес өзге мәліметтерді берудің анықтығын, толықтығын, объективтілігі мен уақтылылығын тексеру;
- Банк мүлігінің сақталуын қамтамасыз етудің қолданылып жүрген тәсілдерін (әдістерін) тексеру;
- Банк жасаған операциялардың экономикалық мақсатқа лайықтылығын және тиімділігін бағалау;
- ішкі бақылау процестері мен рәсімдерін тексеру;
- Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтау мақсатында құрылған жүйелерді тексеру;
- анықталған тәуекелдер деңгейін төмендетуді немесе бөлімше басшысының және (немесе) басқару органдарының Банк үшін анықталған тәуекелдердің жарамдылығы туралы қабылдаған шешімін құжаттандыруды қамтамасыз ететін банк бөлімшелерін тексеру нәтижелері бойынша банк бөлімшелері мен органдарының қабылдаған шараларының тиімділігіне бақылау жасау;
- Банктің ішкі құжаттары көздейтін басқа мәселелер болып табылады.

Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Банктің Директорлар кеңесінің және Басқармасының құрамына сайлана алмайды. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынышты және оның алдында өзінің жұмысы туралы есеп береді.

Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері бір уақытта Банктің басқа бөлімшелеріне басшылық (жетекшілік) ете алмайды, сондай-ақ Банктің кредиттік комитеті мен басқа да органдарының мүшелері бола алмайды.

101. Банктің лауазымды тұлғалары, соның ішінде Директорлар кеңесінің Төрағасы және мүшелері, Банк Басқармасының Төрағасы және мүшелері:

1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды және Банк пен акционерлердің мүдделерін неғұрлым жоғары дәрежеде білдіретін тәсілдерді пайдаланады;

2) Банктің мүлкін осы Жарғыға және акционерлердің Жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы, сондай-ақ жеке бас мақсатында пайдаланбауға немесе оны пайдалануға жол бермеуге және өздерінің үлестес тұлғаларымен мәмілелер жасаған кезде қызмет бабын теріс пайдаланбауға тиіс;

3) бухгалтерлік есеп және есептілік жүйелерінің біртұтастығын, соның ішінде тәуелсіз аудит өткізуді қамтамасыз етуге міндетті;

4) Банктің қызметі туралы ақпараттың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ашылуын және ұсынылуын бақылайды;

5) Банктің қызметі туралы ақпараттың құпиясын, соның ішінде Банкте жұмыс жасалғанды тоқтатылған сәттен бастап үш жыл ішінде сақтауы тиіс.

102. Банктің Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, осы Жарғыға және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес, Банк пен оның акционерлерінің мүддесінде ақпарат беру, ашықтық негізінде әрекет етуі;

2) барлық акционерге әділ қарауға, корпоративтік мәселелер бойынша әділ тәуелсіз пайымдау шығаруы тиіс.

103. Банктің лауазымды тұлғалары өздерінің әрекеттерімен және (әрекетсіздігімен) келтірілген залалға, Банк тартқан залалдарға, соның ішінде төмендегілердің нәтижесінде тартқан залалдармен шектеліп қалмастан, Банк пен акционерлердің алдында Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікті көтереді:

1) адасушылыққа алып келетін ақпаратты немесе көрнекі жалған ақпаратты бергені үшін;

2) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген, ақпаратты беру тәртібін бұзғаны үшін;

3) олардың адал емес әрекеттерінің және (немесе) әрекетсіздіктерінің нәтижесінде, соның ішінде Банкпен мұндай мәмілелер жасасу нәтижесінде олардың не болмаса үлестес тұлғалардың табыс (кіріс) алуы мақсатында, Банк залалдарының туындауына алып келген ірі мәмілелер мен (немесе) жасасқан кезде мүдделік бар мәмілелерді жасасуға ұсыныс білдіру және (немесе) жасасу туралы шешімдер қабылдау.

104. Банк акционерлердің жалпы жиналысының шешімінің негізінде немесе Банктің дауыс беру акциясының бес және одан да көп пайызына ие (жиынтықта ие) акционер (акционерлер) өз атынан сотқа арызбен жүгінуге құқылы:

1) егер лауазымды тұлға адал әрекет етпеген және (немесе) әрекетсіздік еткен жағдайда, Банкке өзi келтірген зиянның не болмаса залалдардың орнын Банкке толтыру туралы, сондай-ақ лауазымды тұлғаның және (немесе) оның үлестес тұлғаларының Банкке ірі мәмілелер және (немесе) жасасқан кезде мүдделік бар мәмілелерді жасасу туралы шешімдердің қабылдануы нәтижесінде алынған пайданы (кірісті) қайтаруы туралы лауазымды тұлғаға.

2) егер мәміле жасалған және (немесе) жүзеге асырылған кезде, Банктің лауазымды тұлғасы үшінші тұлғамен жасасаған келісім негізінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, осы Жарғының және Банктің ішкі құжаттарының немесе оның еңбек шартының талаптарын бұза отырып әрекет еткен болса, Банктің мұндай үшінші тұлғамен жасалған мәміле нәтижесінде Банкке келтірілген залалдардың орнын Банкке толтыру туралы Банктің аталмыш лауазымды тұлғасына және (немесе) үшінші тұлғаға.

105. Банк акциясының бес және одан да көп пайызына ие (жиынтықта ие) акционер (акционерлер) сот органдарына жүгінгенге дейін, Банктің лауазымды тұлғалары келтірген залалдардың орнын Банкке толтыру және Банктің лауазымды тұлғалары және (немесе) оның үлестес тұлғалары ірі мәмілелер және (немесе) жасасқан кезде мүдделік бар мәмілелерді жасасу (жасасуға ұсынымдар) туралы шешімдер қабылдануы нәтижесінде алған пайданы (кірісті) Банкке қайтаруы туралы мәселені Директорлар кеңесінің отырысына шығару туралы талаппен Банктің Директорлар кеңесінің Төрағасына өтініш білдіруі тиіс, ал соңғысы өз кезегінде Директорлар кеңесінің күндізгі отырысын өтініш келіп түскен күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірілмейтін мерзімге шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің отырысында Банк акциясының бес және одан да көп пайызына ие (жиынтықта ие) акционердің (акционерлердің) өтініші бойынша қабылданған шешім туралы отырыс өткізілетін күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде жеткізіледі.

106. Мәміле жасасуға мүдделі және орындау нәтижесінде Банкке залалдар келтірілген мәміле жасасуды ұсынған лауазымды тұлғаны қоспағанда, егер Банктің не болмаса акционердің залалына алып келген, Банк органы қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген жағдайда немесе дәлелді себеппен дауыс беруге қатыспаған жағдайда, Банктің лауазымды тұлғалары жауапкершіліктен босатылады.

107. Егер Банктің қаржылық есептілігі Банктің қаржылық жай-күйін бұрмалаған жағдайда, аталмыш қаржылық есептілікке қол қойған Банктің лауазымды тұлғалары нәтижесінде материалдық залал келтірілген үшінші тұлғалардың алдында жауапты.

VI. БАНК ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ

108. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын Директорлар кеңесі шақырады.

Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысы:

1) Директорлар кеңесінің;

2) Ірі акционердің бастамасы бойынша шақырылады.

109. Ерікті тарату барысындағы Банктің акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысын Банктің тарату комиссиясы шақыруы, дайындауы және өткізуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру міндетті жағдайлар көзделуі мүмкін.

110. Акционерлердің Жалпы жиналысын дайындауды және өткізуді:

1) Банк Басқармасы;

2) онымен жасасқан шартқа сәйкес Банктің тіркеушісі;

3) Директорлар кеңесі;

4) Банктің тарату комиссиясы жүзеге асырады.

111. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру, дайындау және өткізу бойынша шығыстарды Банк көтереді.

112. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы, Банк «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын шақыру тәртібін бұзған жағдайда, кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

113. Егер Банк органдары акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын өткізу туралы Банктің ірі акционерінің талабын орындамаған болса, Банк акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысы оның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

114. Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы ірі акционердің талабы Банк Басқармасының орналасқан жері бойынша тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесіне қойылады, онда мұндай жиналыстың күн тәртібі болуға тиіс.

Директорлар кеңесі аталған талапты алған күннен бастап 10 (он жұмыс) күні ішінде шешім қабылдауға және осындай шешім қабылданған кезден бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей осы талапты қойған адамға акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы не оны шақырудан бас тарту туралы хабарлама жіберуге міндетті. Мәлімденген талапқа сәйкес акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақырғанда, Директорлар кеңесі Жалпы жиналыстың күн тәртібін өзінің қалауы бойынша кез келген мәселелермен толықтыруға құқылы.

115. Акционерлердің Жалпы жиналысына қастысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін Банктің акциялары иелерінің тізілімдері жүйесінің деректерінің негізінде Банктің тіркеушісі жасайды. Аталған тізім жасалатын күн Жалпы жиналысты шақыру туралы шешім қабылданатын күннен ерте белгілене алмайды.

116. Акционерлердің тізіміне енгізілуі тиіс мәліметтерді уәкілетті орган айқындайды.

117. Егер акционерлердің Жалпы жиналысына қастысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімі жасалғаннан кейін, сол тізімге енгізілген тұлға өзіне тиесілі Банктің дауыс беруші акцияларын иеліктен шығаруды жүргізген жағдайда, акционерлердің Жалпы жиналысына қатысу құқығы жаңа акционерге көшеді. Бұл ретте, оның акцияларға меншік құқығын растайтын құжаттар тапсырылуға тиіс.

118. Акционерлердің Жалпы жиналысы өткізілетін күн мен уақыт жиналысқа оған қатысуға құқығы бар тұлғалардың неғұрлым көп саны қатыса алатындай түрде белгіленуі тиіс.

119. Акционерлердің Жалпы жиналысы Банк Басқармасының орналасқан жеріндегі елді мекенде өткізілуі тиіс.

120. Жиналысқа қатысушыларды тіркеу басталатын уақыт пен жиналысты өткізетін уақыт Банктің Санақ комиссиясына жиналысқа қатысушылардың санына санақ жүргізу және оның кворумының болуын айқындау үшін жеткілікті уақытты қамтамасыз етуі тиіс.

121. Акционерлер алдағы Жалпы жиналысты өткізу туралы жиналыс өтетін күннен кем дегенде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында – кем дегенде 45 (қырық бес) күнтізбелік күн бұрын хабардар етілуі тиіс.

122. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы және/немесе акционердің құзырына оған жазбаша хабарлама жолдау арқылы жеткізілуі тиіс.

123. Банк акционерлерінің Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада :

- 1) Банк Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) жиналысты шақыруға бастамашы туралы мәліметтер;
- 3) Банк акционерлерінің Жалпы жиналысының өткізілетін күні, уақыты және орыны, жиналысқа қатысушыларды тіркеу басталатын уақыт, сондай-ақ егер алғашқы жиналыс болмай қалса өткізілуге тиіс, Банк акционерлерінің қайтара Жалпы жиналысы өткізілетін күні мен уақыты;
- 4) акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалатын күн;
- 5) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) Банк акционерлерін акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдармен таныстыру тәртібі қамтылуға тиіс.

124. Акционерлердің қайтара Жалпы жиналысын өткізу бастапқы (болмай қалған) акционерлердің Жалпы жиналысын өткізуге белгіленген күннен кейінгі келесі күннен ерте тағайындала алмайды.

Акционерлердің қайтара Жалпы жиналысы болмай қалған акционерлердің Жалпы жиналысының орнында өткізілуі тиіс.

Акционерлердің қайтара Жалпы жиналысының күн тәртібі болмай қалған акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінен өзгеше болмауы тиіс.

125. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі қалыптастырады және құрамында талқылауға қойылатын нақты тұжырымдалған мәселелердің түпкілікті тізбесі болуы тиіс.

126. Банк акционерлері сондай толықтырулар туралы Жалпы жиналыс өткізілетін күннен кем дегенде 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын немесе осы Жарғыда көзделген тәртіпте хабардар болған кезде. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін ірі акционер немесе Директорлар кеңесі жазып-толтыра алады.

127. Күндізгі тәртіпте өткізілетін акционерлердің Жалпы жиналысы ашылған кезде, Директорлар кеңесі өзі күн тәртібін өзгерту жөнінде алған ұсыныстар туралы баяндауға міндетті.

Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту жиналыста берілген Банктің дауыс беруші акцияларының жалпы санының көпшілік даусымен жүзеге асырылады.

Егер акционерлердің Жалпы жиналысына қатысып отырған және жиынтығында Банктің дауыс беруші акцияларының кем дегенде тоқсан бес пайызын иеленетін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің)

көпшілігі оларды енгізуді жақтап дауыс берсе, күн тәртібіне өзгертулер және (немесе) толықтырулар енгізіле алады.

Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі сырттай дауыс беру арқылы қабылданғанда, акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі өзгертілуге және/немесе толықтырылуға тиіс емес.

Акционерлердің Жалпы жиналысы оның күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарастыруға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы емес.

Күн тәртібінде жалпақ түсінікке ие тұжырымдамаларды, соның ішінде "түрлі", "өзге", "басқалары" және сол іспеттес тұжырымдамаларды пайдалануға тыйым салынады.

128. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері жөніндегі материалдардың құрамында аталған мәселелер бойынша негізді шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемде ақпарат болуы тиіс.

Банктің органдарын сайлау мәселелері жөніндегі материалдардың құрамында ұсынылатын кандидаттар туралы мына төмендегідей ақпарат болуға тиіс:

- 1) тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша - әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәліметтер;
- 3) соңғы үш жылдағы жұмыс орындары мен атқарған қызметтері туралы мәліметтер;
- 4) Банкке қатысты үлестестігі туралы мәліметтер;
- 5) кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге ақпарат.

Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері жөніндегі материалдарға төмендегілер кіруі тиіс:

- 1) Банктің жылдық қаржылық есептілігі;
- 2) жылдық қаржылық есептілікке қоса тіркелетін аудиторлық есеп;
- 3) Директорлар кеңесінің Банктің өткен қаржылық жылдағы таза табысын бөлу тәртібі және Банктің бір жай акциясына шаққанда дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстары;
- 4) Банк әрекеттеріне акционерлердің және оның лауазымды тұлғаларының өтініштері мен оларды қарау нәтижесі туралы ақпарат;

5) акционерлердің Жалпы жиналысын өткізуге бастамашының қалауы бойынша өзге құжаттар.

129. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіне Банктің Директорлар кеңесін сайлау (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселе енгізілген жағдайда, материалдарда Директорлар кеңесіне мүшелікке ұсынылатын кандидат қай акционердің өкілі болып табылатыны және (немесе) оның Банктің тәуелсіз директорының лауазымына кандидат болып табылатыны, не табылмайтыны көрсетілуі тиіс.

130. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері жөніндегі материалдар жиналыс өткізілетін күннен кем дегенде он күн бұрын Банк Басқармасының орналасқан жерінде акционерлерді таныстыру үшін дайын және қолда болуға, ал акционердің сұрау салуы болғанда – сұрау салу алынған күннен бастап үш жұмыс күнінің ішінде оған жолдануға тиіс. Құжаттардың көшірмелерін жасап шығару мен оларды жеткізу үшін шығасыларды материалдарға сұратым жасаған акционер көтереді.

131. Егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталатын күнге қарай оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізіміне енгізілген, жиынтығында Банктің дауыс беру акцияларының елу және одан көп пайызын иеленетін акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелген болса, акционерлердің Жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарастыруға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

132. Болмай қалған жиналыстың орнына өткізілетін акционерлердің қайталама Жалпы жиналысы, егер:

1) кворум болмау себебінен болмай қалған акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталған болса;

2) тіркеу аяқталатын күнге қарай оған қатысу үшін жиынтығында Банктің дауыс беру акцияларының қырық және одан көп пайызын иеленетін акционерлер (немесе олардың өкілдері), соның ішінде сырттай дауыс беруші акционерлер тіркелген болса, күн тәртібінің мәселелерін қарастыруға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

133. Акционерлерге сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер жолданған жағдайда, аталған бюллетеньдермен берілген және Банк Жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеу сәтіне қарай алған дауыстар кворумды айқындау және дауыс беру қорытындыларын шығару кезінде есепке алынады.

Акционерлердің Жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізген кезде кворум болмаған жағдайда, акционерлердің қайтара Жалпы жиналысы өткізілмейді.

134. Санақ комиссиясының «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған функцияларын акционерлердің Жалпы жиналысының хатшысы немесе корпоративтік хатшы жүзеге асырады. Акционерлердің бірінші Жалпы жиналысында Санақ комиссиясының функцияларын Банктің тіркеушісі жүзеге асырады.

Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша, Санақ комиссиясының функциялары Банктің тіркеушісіне жүктелуі мүмкін.

135. Акционердің акционерлердің Жалпы жиналысына жеке өзі немесе өзінің өкілі арқылы қатысуға және қарастырылатын мәселелер бойынша дауыс беруге құқығы бар.
136. Мұндай өкіл акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі барлық мәселе бойынша дауыс беру туралы нақты нұсқаулықтардан тұратын сенімхатқа негізделгендегі жағдайды қоспағанда, Банк Басқармасы мүшелерінің акционерлердің Жалпы жиналысында акционерлердің өкілдері ретінде сөз сөйлеуге құқығы жоқ, сондай-ақ Банктің өзге де қызметкерлерінің акционерлердің Жалпы жиналысында акционерлердің өкілдері ретінде сөз сөйлеуге құқығы жоқ.
137. Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе келісімшартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның атынан өкілдік етуге құқығы бар тұлға үшін акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және қарастырылатын мәселелер бойынша дауыс беруге сенімхат талап етілмейді.
138. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу тәртібі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, осы Жарғыға және Банктің ішкі қызметін реттейтін Банктің өзге құжаттарына сәйкес, не болмаса тікелей акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен айқындалады.
139. Акционерлердің Жалпы жиналысы ашылғанға дейін, келіп жеткен акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізледі. Акционердің өкілі оның акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өкілеттігін растайтын сенімхатты ұсынуы тиіс.
140. Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды айқындаған кезде есепке алынбайды және дауыс беруге қатысуға құқылы емес.
141. Егер қатысу тәртібінде өткізіліп отырған акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен өзге белгіленбеген болса, оған шақырусыз өзге тұлғалар қатыса алады. Ондай тұлғалардың акционерлердің Жалпы жиналысында сөз сөйлеуге құқығы акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді.
142. Акционерлердің Жалпы жиналысы кворум болғанда жарияланған уақытында ашылады. Акционерлердің Жалпы жиналысы барлық акционерлер (олардың өкілдері) енді тіркеліп қойған, хабардар етілген және жиналысты ашу уақытын өзгертуге қарсылық білдірмейтін жағдайды қоспағанда, жарияланған уақытынан ерте ашыла алмайды. Акционерлердің Жалпы жиналысы Жалпы жиналыстың Төрағасын (Төралқасын) және хатшысын сайлауды жүргізеді.
143. Акционерлердің Жалпы жиналысы ашық немесе құпия (бюллетеньдер бойынша) дауыс беру нысанын айқындайды. Жалпы жиналыстың Төрағасын (Төралқасын) және хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде әр акционер бір дауысқа ие, ал шешім қатысып отырғандардың қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Басқарма мүшелері жиналысқа қатысып отырған барлық акционерлер Банк Басқармасының құрамына кіретін жағдайларды қоспағанда, акционерлердің Жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды.
144. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу барысында оның Төрағасы қарастырылып отырған мәселе бойынша пікірталасты тоқтату туралы, сондай-ақ сол бойынша дауыс беру тәсілін өзгерту туралы ұсынысты дауыс беруге қоюға құқылы. Төраға ондай сөз сөйлеу акционерлердің Жалпы жиналысының регламентін бұзуға апаратын немесе нақты мәселе бойынша пікірталас тоқтатылған жағдайларды қоспағанда, күн тәртібінің мәселесін талқылауға қатысуға құқығы бар тұлғалардың сөз сөйлеуіне кедергі жасауға құқысыз.
145. Акционерлердің Жалпы жиналысы өзінің жұмысында үзіліс жасау туралы және жұмыстың мерзімін ұзарту туралы, соның ішінде акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінің жекелеген мәселелерін қарастыруды келесі күнге қалдыру туралы шешім қабылдауға құқылы.
146. Акционерлердің Жалпы жиналысы тек күн тәртібінің барлық мәселелері қарастырылғаннан және олар бойынша шешімдер қабылдағаннан кейін жабық деп жариялана алады.
147. Акционерлердің Жалпы жиналысының хатшысы акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасынан көрініс тапқан мәліметтердің толықтығы мен деректілігі үшін жауап береді.
148. Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беру өткізу арқылы қабылдана алады. Сырттай дауыс беру акционерлердің Жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру) не болмаса акционерлердің Жалпы жиналысының отырысын өткізусіз қолданылуы мүмкін.
149. Сырттай дауыс беру жүргізу кезінде бірыңғай нысандағы дауыс беруге арналған бюллетеньдер акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға жіберіледі (таратылады).
150. Банк акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс берудің нәтижелеріне ықпал ету мақсатында, дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жекелеген акционерлерге іріктеп жолдауға құқылы емес.
151. Дауыс беруге арналған бюллетень акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға акционерлердің Жалпы жиналысының отырысы өткізілетін күннен кем дегенде 45 (қырық бес) күн бұрын жолдануға тиіс.
- Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньнің құрамында төмендегілер болуы тиіс:

- 1) Банк Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;

2) жиналысты шақыруға бастамашы туралы мәліметтер;

3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер тапсырылатын ақтық күн;

4) акционерлердің Жалпы жиналысының отырысы өткізілетін күн не болмаса акционерлердің Жалпы жиналысының отырысы өткізілместен сырттай дауыс беру үшін дауыстар санағы жүргізілетін күн;

5) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі;

6) егер акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінің құрамында Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сайлауға ұсынылатын кандидаттардың аттары;

7) олар бойынша дауыс беру жүргізілетін мәселелердің тұжырымдамасы;

8) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша "жақтас", "қарсы", "қалыс қалды" сөздерімен әйгіленген дауыс беру нұсқалары;

9) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру (бюллетень толтыру) тәртібінің түсініктемесі.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге акционер - жеке тұлға аталған тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсетіп, қолын қоюы тиіс.

Акционер – заңды тұлғаның сырттай дауыс беруіне арналған бюллетеньге оның басшысының қолы қойылған және заңды тұлғаның мөрімен куәландырылған болыа тиіс.

Акционер - жеке тұлғаның, не болмаса акционер – заңды тұлғаның басшысының қолтаңбасы жоқ, сондай-ақ заңды тұлғаның мөрі жоқ бюллетень жарамсыз деп саналады.

152. Дауыстарды санаған кезде акционер солар бойынша бюллетеньде айқындалған дауыс беру тәртібін сақтаған және ықтимал дауыс беру нұсқаларының тек біреуін белгілеген мәселелер бойынша дауыстар есепке алынады.

153. Егер акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінің құрамында Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньнің құрамында жекелеген кандидаттар үшін берілген дауыстар санын көрсетуге арналған шеттер болуы тиіс. Егер сырттай дауыс беру арқылы акционерлердің Жалпы жиналысы өткізілген кезде, тиісінше жазып-толтырылған бюллетеньдер дауыстар саналатын белгіленген күннен бұрын барлық акционерден келіп түскен жағдайда, онда бұрынырақ күнгі дауыстарды есептеуге рұқсат етіледі, бұл оларды дауыс беру қорытындысы туралы хаттамада көрсетіледі.

154. Егер сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді бұрын жолдаған акционер аралас дауыс беру қолданылатын акционерлердің Жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру үшін келіп жетсе, оның бюллетені акционерлердің Жалпы жиналысының қворумын айқындау және күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыстарды санау кезінде есепке алынбайды.

155. Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру:

1) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша максималды дауыстар саны шектелген;

2) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде жиынтық дауыс берілетін;

3) акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беруге құқығы бар әрбір тұлғаға акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу рәсімінің мәселелері бойынша бір дауыстан берілетін жағдайларды қоспағанда, "бір акция – бір дауыс" қағидасы бойынша жүзеге асырылады.

156. Түгелдей дауыс беру кезінде акция бойынша иеленетін дауыстарын акционер түгелдей Директорлар кеңесінің мүшесіне бір кандидат үшін беруі немесе Директорлар кеңесіне мүшелікке бірнеше кандидаттың арасында бөлуі мүмкін. Оларды жақтап неғұрлым көп дауыстар саны берілген кандидаттар Директорлар кеңесіне сайланған деп танылады.

Егер күндізгі тәртіпте өткізіліп отырған акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру құпия тәсілмен жүзеге асырылатын жағдайда, сондай дауыс беруге арналған бюллетеньдер (бұдан әрі осы бапта – қатысып құпия дауыс беруге арналған бюллетеньдер) ол бойынша дауыс беру құпия тәсілмен жүзеге асырылатын әрбір жеке мәселе бойынша жасалған болуға тиіс. Бұл орайда қатысып құпия дауыс беруге арналған бюллетеньнің құрамында:

1) мәселенің тұжырымдамасы немесе оның жиналыстың күн тәртібіндегі реттік нөмірі;

2) әрбір мәселе бойынша "иә", "қарсы", "қалыс қалды" сөздерімен әйгіленген дауыс беру нұсқалары немесе Банктің органдарына әрбір кандидат бойынша дауыс беру нұсқалары;

3) акционерге тиесілі дауыстар саны болуы тиіс.

157. Акционер бюллетеньге қол қоюға, соның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банкке өзіне тиесілі акциялардың өтеуін төлеп алу туралы талап мәлімдеу мақсатында, тілек білдірген жағдайды қоспағанда, акционер қатысып құпия дауыс беруге арналған бюллетеньге қол қоймайды.

158. Күндізгі құпия дауыс беруге арналған бюллетеньдер бойынша дауыстар саналған кезде олар бойынша бюллетеньде айқындалған дауыс беру тәртібін сақталған және ықтимал дауыс беру нұсқаларының тек біреуі белгіленген мәселелер бойынша дауыстар есепке алынады.

159. Дауыс беру нәтижелері бойынша, Санақ комиссиясының функцияларын жүзеге асыратын акционерлердің Жалпы жиналысының хатшысы дауыс беру қорытындысы туралы хаттама жасайды және қол қояды.

Дауыс беруге қойылған мәселе бойынша акционердің ерекше пікірі болғанда, Санақ комиссиясының функцияларын жүзеге асыратын акционерлердің Жалпы жиналысының хатшысы хаттамаға тиісті жазба енгізуге міндетті.

160. Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасалғаннан және қол қойылғаннан кейін, олардың негізінде хаттама жасалған, қатысып құпия дауыс беруге және сырттай дауыс беруге арналған толтырылған бюллетеньдер (соның ішінде жарамсыз деп мойындалған бюллетеньдер) хаттамаға қоса тігіледі және Банктің мұрағатына сақтауға тапсырылады.

Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасына қоса тіркелуге тиіс.

161. Дауыс беру қорытындылары оның барысында дауыс беру жүргізілген акционерлердің Жалпы жиналысында жарияланады.

Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру қорытындысы немесе сырттай дауыс беру нәтижесі акционерлердің құзырына оларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау немесе акционерлердің Жалпы жиналысы жабылғаннан кейін он күннің ішінде әрбір акционерге жазбаша хабарламаны жіберу арқылы жеткізіледі.

162. Акционерлерді дауыс беру қорытындысы туралы хабарлама тікелей әрбір акционерге жолданады не болмаса Жарғыда айқындалған бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

163. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде жасалуы және қол қойылуы тиіс.

164. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасында мыналар көрсетіледі:

- 1) Банк Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу күні, уақыты және орны;
- 3) акционерлердің Жалпы жиналысында берілген Банктің дауыс беру акцияларының саны туралы

мәліметтер;

- 4) акционерлердің Жалпы жиналысының кворумы;
- 5) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;
- 7) акционерлердің Жалпы жиналысының Төрағасы (Төралқасы) және хатшысы;
- 8) акционерлердің Жалпы жиналысына қатысушы тұлғалардың сөйлеген сөздері;
- 9) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінің дауыс беруге қойылған әрбір мәселесі

бойынша дауыстардың жалпы саны;

- 10) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру қорытындылары;

- 11) акционерлердің Жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер.

165. Акционерлердің Жалпы жиналысында Банктің Директорлар кеңесін сайлау (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселе қарастырылатын жағдайда, Жалпы жиналыстың хаттамасында сайланған Директорлар кеңесінің мүшесінің қай акционердің өкілі болып табылатыны және (немесе) сайланған Директорлар кеңесінің мүшесінің тәуелсіз директор болып табылатыны, не табылмайтыны көрсетіледі.

166. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасына:

- 1) акционерлердің Жалпы жиналысының Төрағасының (Төралқа мүшелерінің) және хатшысының;
- 2) Санақ комиссиясы мүшелерінің (акционерлердің Жалпы жиналысының хатшысының);
- 3) Банктің дауыс беру акцияларының он және одан көп пайызына ие және акционерлердің Жалпы

жиналысына қатысып отырған акционерлердің қолы қойылуы тиіс.

167. Хаттамаға қол қоюға міндетті тұлғаның оған қол қоюы мүмкін емес болған жағдайда, хаттамаға оған берілген сенімхаттың негізінде оның өкілі не болмаса Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүлкін білдіруге құқылы тұлға қол қояды.

168. Осы Жарғының 164-тармағында көрсетілген тұлғалардың кез келгені хаттаманың мазмұнымен келіспеген жағдайда, көрсетілген тұлға хаттамаға қоса тіркеуге жататын бас тарту себептеріне жазбаша түсініктеме беріп, оған қол қоюдан бас тартуға құқылы.

169. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен, Жалпы жиналысқа қатысуға және дауыс беруге, сондай-ақ хаттамаға қол қоюға сенімхаттармен және хаттамаға қол қоюдан бас тарту себептеріне жазбаша түсініктемелермен бірге қосылып тігіледі. Көрсетілген құжаттарды Банктің Басқармасы сақтауға және кез келген уақытта акционерлерге танысу үшін беріп отыруға тиіс. Акционердің талабы бойынша оған акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасының көшірмесі беріледі.

170. Директорлар кеңесінің отырысы Төрағасының немесе Банк Басқармасының бастамасы бойынша Директорлар кеңесінің отырысы шақырылуы мүмкін не болмаса:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Банктің Ішкі аудит қызметінің;

- 3) Банктің аудитын жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 4) ірі акционердің талабы бойынша кез келген уақытта шақырылуы мүмкін.

171. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап құрамында Директорлар кеңесінің отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабар жолдау арқылы Директорлар кеңесінің Төрағасына мәлімденеді.

172. Директорлар кеңесінің Төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті Банктің Басқармасына жүгінуге құқылы.

173. Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізу туралы жазбаша хабарламаны жолдау тәртібін Директорлар кеңесі айқындайды. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама отырыстың өтетін күні, уақыты және орыны туралы мәліметтерді, сондай-ақ оның күн тәртібін құрауы тиіс, сондай-ақ Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама отырыс өткізілетін күннен кем дегенде 7 (жеті) күнтізбелік күн бұрын жолдануы тиіс. Ірі мәміле мен (немесе) жасасқанда мүдделілік бар мәмілені жасасу туралы шешімді қабылдау туралы мәселе қаралған жағдайда, мәміле туралы ақпарат мәміленің тараптары, мәміленің жасасатын мерзімдері мен шарттары, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтер, сондай-ақ бағалаушының есебі (мұндай мәміле мәні ақша және (немесе) бастапқы нарықта шығарылатын (орналастырылатын) бағалы қағаздарды қоспағанда, Банк активтерінің мөлшерінен он және одан да көп пайыз сомасына мүлік сатып алынып не болмаса иеліктен шығарылған жағдайда) кіруі тиіс.

Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің Директорлар кеңесінің отырысына қатысуының мүмкін еместігі туралы Банктің Басқармасын күні бұрын хабардар етуге міндетті.

174. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесінің мүшелері санының жартысынан кем болмауы тиіс.

Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы тармақта айқындалған кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі жаңа Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау үшін, акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері тек сондай акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

175. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімдері, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгесі көзделмесе, отырысқа қатысып отырған Директорлар кеңесінің мүшелерінің қарапайым көпшілік даусымен қабылданады.

Дауыстар тең түскенде, Директорлар кеңесі Төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші тұлғаның даусы шешуші болып табылады.

176. Директорлар кеңесі тек Директорлар кеңесінің мүшелері қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

177. Директорлар кеңесінің қарастыруына қойылған мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдана алады.

178. Сырттай дауыс беру Директорлар кеңесінің отырысына қатысып отырған Директорлар кеңесінің мүшелерінің дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру), не болмаса Директорлар кеңесінің отырысын өткізусіз қолданылуы мүмкін.

179. Сырттай дауыс беру арқылы шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болғанда қабылданған деп мойындалады.

Бюллетеньнің құрамында:

- 1) Банктің толық атауы және Банк Басқармасының орналасқан жері;
- 2) дауыс беру өткізуге бастамашы туралы мәліметтер;
- 3) дауыс беруге арналған бюллетеньдер тапсырылатын ақтық күн;
- 4) дауыс беруге қойылған айқын әрі біржақты тұжырымдалған мәселе (мәселелер);
- 5) "иә", "жоқ", "қалыс қалды" сөздерімен әйгіленген дауыс беру нұсқалары;
- 6) бюллетенді толтыру тәртібі жөнінде түсініктемелер болуға тиіс.

180. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімдері жазбаша түрде ресімделген болуға және Директорлар кеңесінің Хатшысы мен Төрағасының қолдары қойылуы, осы Жарғының 182 тармағында көрсетілген мәліметтерді құрауы тиіс.

181. Шешім ресімделген күннен бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде ол солардың негізінде аталған шешім қабылданған бюллетеньдерді қоса тіркеумен бірге Директорлар кеңесінің мүшелеріне жолдануы тиіс.

182. Директорлар кеңесінің күндізгі тәртіпте өткізілген отырысында қабылданған шешімдері отырыста төрағалық еткен тұлға мен Директорлар кеңесінің хатшысы отырыс өткізілген күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде жасауға және қолдарын қоюы тиіс және құрамында:

- 1) Банк Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысатын тұлғалар туралы мәліметтер;

- 4) отырыстың күн тәртібі;
 - 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және Директорлар кеңесінің әр мүшесінің дауыс нәтижесі көрсетілген, солар бойынша дауыс беру қорытындысы Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі әр мәселе бойынша;
 - 6) қабылданған шешімдер;
 - 7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге мәліметтер болуы тиіс.
183. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары мен Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдері Банктің мұрағатында сақталады.
184. Директорлар кеңесінің хатшысы Директорлар кеңесінің мүшесінің талабы бойынша, оған Директорлар кеңесінің отырысының хаттамасы мен сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін тапсыруға және/немесе оған Банктің уәкілетті қызметкерінің қолтаңбасымен және Банктің мөрінің таңбасымен куәландырылған хаттамадан және шешімнен үзінді көшірмелер беруге міндетті.
185. Банк Басқармасын қажетіне қарай немесе оның мүшелерінің кем дегенде үштен бірінің талабы бойынша Басқарма Төрағасы шақырады.
186. Банк Басқармасы өзінің отырысына Банк Басқармасының мүшелерінің кем дегенде жартысы қатысып отырған жағдайда, оның құзыретіне жататын және оның қарастыруына енгізілген мәселелерді шешуге өкілетті.
187. Банк Басқармасының отырысы кез келген (мереке немесе демалыс) күні, кез келген орында және тәуліктің кез келген мезгілінде өткізіле алады. Банк Басқармасының отырысын жүргізуді Басқарма Төрағасы, не болмаса оның орынын басатын тұлға жүзеге асырады.
188. Банк Басқармасының әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Басқарманың шешімдері отырысқа қатысып отырған Басқарма мүшелерінің қарапайым көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең түскенде, Басқарма Төрағасының немесе оның орынын басатын тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.
189. Банк Басқармасының отырысының хаттамасын жүргізу міндетті және оны Директорлар кеңесі Банктің қызметкерлерінің қатарынан тағайындаған отырыстың хатшысы жүзеге асырады. Банктің Басқармасының шешімімен келіспеген жағдайда, Басқарма мүшесі ерекше пікірін хаттамаға енгізуді талап етуге құқылы, ал хатшы оны енгізуге міндетті. Банк Басқармасының отырысының хаттамасы оны өткізгеннен кейін үш күннен кешіктірілместен жасалады және Банк Басқармасының Төрағасы немесе оның орынын басатын тұлға және отырыстың хатшысы қолдарын қояды.
- Банк Басқармасы отырысының хаттамалары Банк мұрағатында сақталады.
190. Ішкі аудит қызметінің қызметін ұйымдастыру тәртібі Банктің ішкі құжаттарында айқындалады.

VII. БАНКТІҢ ЕСЕБІ МЕН ЕСЕПТІЛІГІ, АҚПАРАТ БЕРУ ЖӘНЕ ЖАРИЯ ҚЫЛУ

191. Банктің қаржылық (операциялық) жылы 1 қаңтарда басталады және 31 желтоқсанда аяқталады.
192. Банктің қаржылық есептілігіне Банктің бухгалтерлік балансы, табыстар мен шығыстар туралы есептеме, ақша қозғалысы туралы есептеме және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес өзге есептілік кіреді.
- Банктің бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасымен және бухгалтерлік есеп стандарттарында белгіленеді.
- Банк операциялар мен оқиғалардың есебін Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.
- Банктің бухгалтерлік есеп саясатын Директорлар кеңесі айқындайды.
- Қаржылық және өзге есептіліктің тізбесі, сондай-ақ тапсыру мерзімдері мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.
193. Банк Басқармасы жылдық қаржылық есептілікті талқылау және бекіту үшін, аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес өткізілген өткен жылдағы жылдық қаржылық есептілікті акционерлердің Жалпы жиналысына жыл сайын тапсырып отырады. Жылдық қаржылық есептілікпен қатар, Басқарма Жалпы жиналысқа аудиторлық есептеме тапсырады.
- Жылдық қаржылық есептілік Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес жасалады.
- Жылдық қаржылық есептілік акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы өткізілетін күннен кем дегенде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын Директорлар кеңесінің алдын ала бекітуіне жатады.
- Банктің жылдық қаржылық есептілігін біржола бекіту акционерлердің жылдық Жалпы жиналысында жүргізіледі.
194. Банк бұқаралық ақпарат құралдарында Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес белгіленген нысандар бойынша, мерзімдерде және көлемде жылдық есептемені, соның ішінде жылдық балансты және қаржылық есептіліктің басқа түрлерін (Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес, банк

заңнамасының талаптарына сәйкес аудиторлық ұйым (аудитор) оларда берілген мәліметтердің деректілігін растағаннан кейін немесе оларды аудиторлық растаусыз) жариялайды. Банк қосымша өзге қаржылық есептілік жариялауға құқылы.

195. Банк жылдық қаржылық есептіліктің аудитін жүргізуге міндетті.

Бухгалтерлік есеп пен есептіліктің, бастапқы құжаттар мен банктің қызметі туралы өзге ақпараттың аудитін аудиторлық қызмет туралы заңнамаға сәйкес аудит жүргізуге құқылы және Қазақстан Республикасының банк заңнамасының талаптарына сәйкес аудиторлық ұйым (аудитор) жүргізуі мүмкін.

196. Банк аудиті Директорлар кеңесінің, Басқарманың бастамасы бойынша Банктің есебінен, не болмаса ірі акционердің талабы бойынша оның есебінен жүргізіле алады, бұл орайда ірі акционер банк заңнамасының талаптарын ескере отырып, аудиторлық ұйымды дербес айқындауға құқылы. Аудит ірі акционердің талабы бойынша жүргізілетін жағдайда, Банк аудиторлық ұйым сұрау салған бүкіл қажетті құжаттаманы (материалдарды) беруге міндетті.

Егер Банктің Басқармасы Банктің аудитын жүргізуден бұлтаратын болса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша соттың шешімімен тағайындалуы мүмкін.

197. Аудит нәтижелері мен өзінің тұжырымдарын аудиторлық ұйым (аудитор) Директорлар кеңесіне және Банктің Басқармасына тапсыратын есептемеде баяндайды.

Аудиторлық ұйым (аудитор) уәкілетті органның талабы бойынша оған өткізілген аудиторлық тексеріс туралы қорытындының көшірмесін тапсыруға міндетті.

198. Банк өз акционерлерінің құзырына Банктің акционерлерінің мүдделерін қозғайтын Банктің қызметі туралы ақпаратты жеткізіп отыруға міндетті.

Банк акционерлерінің мүдделерін қозғайтын ақпарат деп төмендегілер танылады:

1) акционерлердің Жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;

2) Банктің акциялар мен басқа бағалы қағаздар шығаруы және уәкілетті органның Банктің бағалы қағаздарды орналастыру қорытындысы туралы есептемелерін, Банктің бағалы қағаздарын өтеу қорытындысы туралы есептемелерін бекітуі, уәкілетті органның Банктің бағалы қағаздарының күшін жоюы;

3) Банктің ірі мәмілелер мен Банкте оларды жасауға мүддесі бар мәмілелер жасауы;

4) Банк мүлкін Банк активтерінің бес және одан да көп пайызын құрайтын сомаға кепілге беру;

5) Банктің өзінің меншік капиталының мөлшерінің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын мөлшерде қарыз алуы;

6) Банктің қандай-да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға лицензиялар алуы, Банк бұрын қандай-да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға алған лицензиялардың қолданылуын тоқтату немесе доғару;

7) Банктің заңды тұлғаны құруға қатысуы;

8) Банктің мүлкіне тыйым салу;

9) нәтижесінде баланстық құны Банктің активтерінің жалпы мөлшерінің он немесе одан көп пайызын құраған Банктің мүлкі опат болған төтенше сипатқа ие мән-жайлардың орын алуы;

10) Банкті және оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;

11) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалуы;

12) Банкті мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешімдер;

13) осы Жарғыға сәйкес, оның акционерлерінің мүдделерін қозғайтын өзге ақпарат.

Акционерлердің мүдделерін қозғайтын Банктің қызметі туралы ақпарат беру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады.

199. Банк қызмет бабындағы немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа ие Банктің қызметкерлерінің тізімін міндетті жүргізуді қамтамасыз етеді.

200. Акционердің талабы бойынша Банк Заңда көзделген құжаттардың көшірмелерін ұсынуға міндетті. Акционер ақпарат алу мақсатымен Банк Басқармасына жазбаша нысанда жүгінеді. Акционердің жүгінуі Банктің кіріс құжаттарының есебі журналында тіркелуге тиіс. Банк осындай жүгінуден соң 30 (отыз) күнтізбелік күннен кейін акционерге оның сұраған ақпаратын (талап еткен құжаттардың көшірмелерін) ұсынуға міндетті.

Құжаттардың көшірмелерін ұсыну үшін ақының мөлшерін Банк бекітеді және ол құжаттардың көшірмелерін жасап шығаруға және құжаттарды акционерге жеткізуге байланысты шығасылардың төлемінің құнынан артық бола алмайды.

201. Акционерлердің мүддесіне қатысты Банк қызметі туралы ақпарат беру Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына және Банктің Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

202. Акционерлерге сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпарат Банк соттың корпоративтік дау жөніндегі азаматтық іс бойынша тиісті хабарламасын (шақыруын) алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде берілуі тиіс.

203. Уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес келетін бұқаралық ақпарат құралдары Банк қызметі туралы ақпаратты жариялауға пайдаланылатын бұқаралық ақпарат құралдары болып табылады. Бұдан басқа, Банк өзінің қызметі туралы ақпаратты Банктің Интернет желісіндегі - www.asiacreditbank.kz WEB-сайтында жариялауға міндетті.

204. Банктің акционерлері мен лауазымды тұлғалары:

1) өздері туралы ақпаратты және өздері арқылы Банктің үлестес тұлғалары болып табылатын (айналған) тұлғалар туралы өздеріне белгілі ақпаратты жария етуге, сондай-ақ Банкке туындай өзгерістер туралы ақпаратты уақтылы тапсырып отыруға;

2) өздерінің үлестес тұлғаларын Банктің алдында өздері туралы ақпаратты жария етудің қажеттігі туралы хабардар етіп отыруға;

3) өзінің үлестес тұлғаларының Банкке мәліметтерді Банктің ішкі құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз уақытында және толық тапсырып отыруына ықпалдастық жасауға міндетті.

205. Банк өзінің үлестес тұлғаларының есебін осындай тұлғалар немесе Банктің тіркеушісі ұсынатын мәліметтердің негізінде жүргізеді (тек қана ірі акционерлер болып табылатын тұлғаларға қатысты уәкілетті орган белгілеген тәртіппен).

206. Банктің ірі акционерлері мен лауазымды тұлғалары өздерінің үлестес тұлғалары туралы ақпаратты мына көлемде ұсынады:

| Жеке тұлғалар туралы | | | | | |
|-------------------------------------|---|--------------|-----------------------------|----------------------------------|------------|
| Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) | Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері және жеке тұлғаның тұратын жері туралы мәліметтер | Туылған күні | Үлестестігін тану негіздері | Үлестестігінің пайда болған күні | Ескертулер |

| Занды тұлғалар туралы | | | | |
|----------------------------|---|-----------------------------|----------------------------------|------------|
| Занды тұлғаның толық атауы | Занды тұлғаның мемлекеттік тіркелген күні мен нөмірі, занды тұлғаның пошталық мекен-жайы және нақты орналасқан жері | Үлестестігін тану негіздері | Үлестестігінің пайда болған күні | Ескертулер |

Ақпарат өзгерген жағдайда, бұрын аталмыш ақпаратты ұсынған тұлға ол пайда болған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде сондай өзгеріс туралы ерікті нысанда Банкті хабардар етуге міндетті.

207. Банктің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге ақпарат болып табылмайды. Банктің үлестес тұлғалары болып табылатын жеке және занды тұлғалар үлестестігі туындаған күннен бастап жеті күннің ішінде Банкке өздерінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді ұсынуға міндетті.

208. Банк өзінің үлестес тұлғаларының тізімін уәкілетті органға ол белгілеген тәртіппен ұсынуға міндетті.

209. Банкпен мәміле жасасуға мүдделі үлестес тұлғалар жеті күн ішінде Директорлар кеңесінің назарына келесі ақпаратты жеткізеді:

1) мәміле тарапы екендігі немесе оған өкіл немесе делдал ретінде қатысатындығы;

2) үлестес болған занды тұлғалар туралы, соның ішінде өз бетінше немесе өздерінің үлестес тұлғаларымен бірлесе отырып он және одан да көп пайыз дауыс беру акциясы бар (үлестер, пайлар) занды тұлғалар туралы және органдарда лауазым атқаратын занды тұлғалар туралы;

3) мүдделі тұлғалар мойындай алатын, өздеріне белгілі жасалатын немесе болжамды мәмілелер туралы.

VIII бап. БАНКТІҢ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ

210. Банкті ерікті қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес уәкілетті органның рұқсатымен акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша жүзеге асырылады. Банкті мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру қолданыстағы заңнамаға сәйкес соттың шешімі бойынша жүргізіледі.

211. Банк:

а) уәкілетті органның рұқсаты болғанда акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша (ерікті тарату);

б) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда соттың шешімі бойынша (мәжбүрлеп тарату) таратылуы мүмкін.

212. Банкті тарату тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

213. Банкті тарату туралы шешім қабылданғаннан кейін құрылған тарату комиссиясы өзінің қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

IX бап. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

214. Осы Жарғыда реттелмеген барлық мәселеде Банк Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін басшылыққа алады.

215. Осы Жарғы заңнамада белгіленген тәртіпте мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

216. Жарғыға енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіпте реттеледі.

217. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген, осы Жарғыда сипатталған ережелерді өзгерту не болмаса тоқтату туралы шешімді Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қабылданатын жағдайда, бұл ережелерді өзгертетін заңнамалық акті өз күшіне енетін сәттен бастап соңғылары өз әрекетінің күшін жояды және өзгертулер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіпте тіркеу арқылы Жарғыға енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар ретінде ресімделетін міндетті өзгертілмеуі тиіс.

Басқарма Төрағасы


Б. Т. Нұртыманов



Утвержден
внеочередным Общим собранием акционеров
АО «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)»
(Протокол № 1/11 от 26 декабря 2014 года)



У С Т А В
АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА
«AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)»

г. Алматы, 2014 год

Настоящий Устав Акционерного общества «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)», именуемого в дальнейшем «Банк», определяет его наименование, местонахождение, порядок формирования и компетенцию его органов, условия реорганизации и прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.

Статья I. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1. Полное и сокращенное наименование Банка:

а) на государственном языке –

**«AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» Акционерлік қоғамы,
«AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)»АҚ;**

б) на русском языке –

**Акционерное общество «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)»,
АО «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)»;**

в) на английском языке –

**Joint Stock Company «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)»,
JSC «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)».**

2. Банк – юридическое лицо, являющееся коммерческой организацией, которое в соответствии с настоящим Уставом, нормативными правовыми актами Республики Казахстан правомочно осуществлять банковскую деятельность. Официальный статус Банка определяется государственной регистрацией юридического лица в качестве Банка в органах юстиции (регистрирующих органах) (далее – органы юстиции) и наличием лицензии уполномоченного органа по контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций (далее – уполномоченный орган) на проведение банковских операций.

3. Место нахождения исполнительного органа Банка (Правления): **Республика Казахстан, 050000, Алмалинский район, г. Алматы, ул. Гоголя 95/70.**

4. Форма собственности Банка – частная.

5. Банк имеет статус субъекта крупного предпринимательства.

6. Банк имеет самостоятельный баланс, корреспондентские счета, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести обязанность, быть истцом и ответчиком в суде.

Банк имеет печать, бланки со своим наименованием и иные реквизиты, необходимые для осуществления его деятельности.

